



Автор: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Аудан. Шамалар

Тақырып: Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу

Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	3.3.1.3 тікбұрышты үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану 3.1.3.2 мм, км/ г, т/см ² , дм ² , м ² /секунд өлшем бірліктерін қолданып өлшеу;
Сабақ мақсаттары:	Барлық білім алушылар: ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу Білім алушылардың басым бөлігі: Тіктөртбұрыштың ($S = a \cdot b$), шаршының ($S = a^2$) ауданын табу формулаларын құру және қолдану. Кейбір білім алушылар: Тіктөртбұрыштар мен шаршының ауданын табу формуласын қалай құру және қолдану керек екенін түсіндіру.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: Аудан деген не және оны қалай табуға болатынын түсіндіре алады. Терминология: Аудан, палетка. Талқылау: - Қандай фигуралардың ауданы бар? - Палетканы қалай қолдануға болады? Жазылым: Есептерді шығару жолдарын жазу.
Құндылықтарды дамыту:	Өзарасыйластық, жауапкершілік, еңбекқорлық.
Пәнаралық байланыстар:	Жаратылыстану.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім:	Санның бөлігін табу және бөлігі арқылы санды табу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басы: (6мин.)	Ынталандыру. Көне заманнан бері ауданды өлшеу қажет болғандығын әңгімеленеді. Өзектендіру. https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/tiktortburyshtyng-sharshynyng-audanyntabu?mid=f8be3d60-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/tiktortburyshtyng-sharshynyng-audanyntabu?mid=f8be3d64-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe Әр фигураның ауданын квадрат сантиметрмен (торкөз – квадрат сантиметр) өлшеңіздер. Торкөздер санын қалай есептедіңіздер? (Қайтадан санаумен). Тіктөртбұрыштың ауданын қалай есептеген ыңғайлы? Бізге ережені еске түсіру керек. Балалар тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданын табу ережесін еске түсіріп, жазып алады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы: (30мин.)	Өзіндік жұмыс. АКТ мен тапсырманы орындау. https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/tiktortburyshtyng-sharshynyng-audanyntabu?mid=f8be3d69-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe5e1d95a90117a.png Image not found or type unknown https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/tiktortburyshtyng-sharshynyng-audanyntabu?mid=f8be3d6c-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe5e1d95bd121a0.png Image not found or type unknown Оқушыларға 2 мен 3-тапсырманы орындауды ұсынады, орындау нәтижесін эталонмен салыстырады. Қиындықтарды түзету. Мұғалім орындалу барысының дұрыстығын тексереді. – Кімде қиындық туындады? – Сіз қай жерде қате жібердіңіз? – Қате кетудің себебі неде? – Егер өзіндік жұмыста ешқандай қиындық туындамаса, өз амалыңыздың мақсатын құрастырыңыз. (Қосымша тапсырма орындау). – Қиындық туындаған балалардың әрі қарайғы мақсаты қандай? (Қатені түзету). – Қателерді түзеу алгоритмін қолданамыз. – Әркім өз оқу мақсатын айтады. Мұғалім бағалау критерийлері бар тапсырманы орындауды ұсынады. Мен: – ауданды өлшеу үшін шаралар мен құралдарды таңдауды, – тіктөртбұрштың $S=a \cdot b$ ауданын өлшеп табуды; – $S=a^2$ формуласын қолданып, шаршының ауданын табуды; – бірліктерді пайдаланып, шамаларды өлшеуді (см², дм², м²) білемін	
Аяқталуы: (5мин.)	Рефлексия. – Сабақтың басында біз алдымызға қандай мақсаттар қойдық? – Осы мақсаттарыңызға жете алдыңыздар ма? – Қиындық туындады ма? – Сол қиындықтарды жеңе алдыңыз ба? – Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды? Өз жұмысын жетістік сызғышымен бағалауды ұсынады. Үйге тапсырма: 6-тапсырма, 36-бет.	